



EURASIAN
TECHNOLOGICAL
UNIVERSITY

Еуразиялық технологиялық университеті
Ғылыми кеңес отырысы
№ 6 хаттама

Алматы қ.

31 қаңтар 2025 ж.

Ғылыми кеңестің төрағасы
Ғалым хатшы

Темербаева А.М.
Жүнісқалиев Т.Т.

Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қысқы емтихан сессиясының қорытындылары.
2. Университеттің 2024 жылғы ғылыми-зерттеу қызметі жөніндегі есебін бекіту.
3. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтихан комиссиясы төрағасының есебі.
4. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-сұрақ бойынша

Тіркеу офисінің басшысы қысқы емтихан сессиясының қорытындылары туралы есеп ұсынды. Баяндамада білім алушылардың академиялық үлгерімі, орташа GPA көрсеткіштері, академиялық қарыздардың саны, пәндер бойынша үлгерім деңгейі және академиялық адалдық талаптарының сақталуы жөніндегі мәліметтер қарастырылды.

Сонымен қатар, факультеттер мен білім беру бағдарламалары бөлінісінде емтихан нәтижелеріне талдау жасалып, білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыру және академиялық тәуекелдерді төмендету бойынша ұсыныстар берілді.

2-сұрақ бойынша

Ғылым және халықаралық қызмет жөніндегі проректор университеттің 2024 жылғы ғылыми-зерттеу қызметі жөніндегі есебін таныстырды. Есепте ғылыми жобалардың орындалу нәтижелері, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларына қатысу, ғылыми жарияланымдардың саны,

патенттер мен авторлық куәліктер, халықаралық ғылыми ынтымақтастық және ғылыми кадрларды даярлау көрсеткіштері қамтылды.

Баяндама барысында университеттің ғылыми әлеуетін арттыру, ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру және халықаралық ғылыми рейтингтердегі көрсеткіштерді жақсарту бағытындағы жұмыстардың нәтижелері атап өтілді.

3-сұрақ бойынша

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы емтихан нәтижелері туралы есеп берді. Есепте білім алушылардың дайындық деңгейі, емтихан нәтижелерінің сапалық және сандық көрсеткіштері, бағалау рәсімдерінің ашықтығы мен объективтілігі, сондай-ақ пән бойынша оқу нәтижелеріне қол жеткізу деңгейі баяндалды.

Сонымен қатар, пәнді оқыту сапасын арттыру және білім алушылардың тарихи-танымдық құзыреттерін дамыту бойынша ұсынымдар берілді.

4-сұрақ бойынша

Әртүрлі мәселелер аясында оқу үдерісін ұйымдастыру, академиялық адалдықты сақтау және алдағы іс-шараларды өткізу мәселелері қаралды.

ҰСЫНЫЛДЫ:

1. Қысқы емтихан сессиясының қорытындылары туралы есепті назарға алу, академиялық үлгерімді арттыру, академиялық қарыздарды азайту және білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға бағытталған қосымша шаралар қабылдау ұсынылды. Сонымен қатар, білім беру бағдарламалары бөлінісінде үлгерім көрсеткіштеріне тұрақты талдау жүргізіп, академиялық тәуекел топтарымен жүйелі жұмыс ұйымдастыру ұсынылды.

2. Университеттің 2024 жылғы ғылыми-зерттеу қызметі жөніндегі есебін бекіту, ғылыми қызметтің негізгі көрсеткіштерін жақсартуға, ғылыми жобалар санын ұлғайтуға, жарияланым белсенділігін арттыруға және ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыруға назар аудару ұсынылды.

3. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтихан комиссиясы төрағасының есебін назарға алу және ұсынылған ұсынымдарды оқу үдерісінде пайдалану ұсынылды. Сонымен қатар, пәнді оқытудың сапасын жетілдіру, оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді нығайту және білім алушылардың тарихи-танымдық құзыреттерін дамытуға бағытталған жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

4. Қаралған мәселелер бойынша тиісті құрылымдық бөлімшелерге нақты

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Қысқы емтихан сессиясының қорытындылары назарға алынсын. Академиялық мәселелер департаментіне және Тіркеу офисіне академиялық үлгерімді арттыру және академиялық қарыздарды азайту бойынша қажетті шаралар қабылдау тапсырылсын.

2. Университеттің 2024 жылғы ғылыми-зерттеу қызметі жөніндегі есебі бекітілсін. Ғылым және халықаралық қызмет жөніндегі проректорға ғылыми қызметтің тиімділігін арттыру және ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру бойынша жұмыстарды жалғастыру тапсырылсын.

3. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтихан комиссиясы торағасының есебі назарға алынсын. Академиялық мәселелер департаментіне пәнді оқыту сапасын жетілдіру бойынша ұсыныстарды іске асыру тапсырылсын.

4. Әртүрлі мәселелер бойынша қабылданған шешімдер тиісті құрылымдық бөлімшелерге орындауға жіберілсін.

Ғылыми кеңестің төрағасы

Ғалым хатшы



Темурбасова А.М.


Жұрисқалиев Т.Т.